

## **ЖҚМ білім алушыларға берілетін медициналық анықтаманы тексеру рәсімі**

1. ЖҚМ білім алушылары айрықша жағдайлар болған кезде өткізіп алған бақылау жұмыстарының орнын толтыруға құқылы:

- 1) ауру (жеке немесе асырауындағы/қамқорлығындағы адамдар);
- 2) жақын туыстарының (әкесі, анасы, әжесі, атасы, туған ағасы мен әпкесі, баласы), жұбайының немесе зайыбының қайтыс болуы;
- 3) Университет білім алушыны білім беру немесе ғылыми іс-шараға жіберген жағдайда мұндай толтыруды Университет/Жоғары мектеп әкімшілігі өз бастамасы бойынша ұсынады.

2. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар бойынша өткізілмеген бақылау жұмыстарының орнын толтыру туралы мәселені қарау үшін білім алушы:

- 1) ЖҚМ АСК өткізілген бақылау жұмыстарының мерзімдері /күндері, оқытушы, пәні көрсетілген өтінішпен жүгінеді;
- 2) сканерленген медициналық анықтаманы және айрықша жағдайдың бар екендігін растайтын басқа да құжаттарды (асырау фактісін, қайтыс болған адаммен туыстық фактісін растау) ұсынады.

Негізі: MNU академиялық саясатының 2.3-тармағы.

<https://tson.kazguu.kz/ru/akademicheskaya-politika/>

### **3. Медициналық анықтамаларға қойылатын талаптар.**

Медициналық анықтама:

- 1) Медициналық ұйым беруі және нөмірі болуы тиіс; қолмен жазылған (баспа мәтіні) анықтама қабылданбайды. Атауы: «Анықтама №\_\_\_\_\_ студенттің, колледж, кәсіби-техникалық училище оқушысының уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы, мектепке, мектепке дейінгі балалар ұйымына барушы балалардың ауырғаны, карантинде болуы және басқа да келмеу себептері туралы». Анықтама нөмірі: 037 / у.
- 2) Медициналық ұйымның идентификаторы болуы тиіс (атауы, мөрі).
- 3) Дәрігердің идентификаторы (дәрігердің аты-жөні, дәрігердің қолы және мөрі) болуы тиіс.
- 4) Анықтамадағы диагноз КБ-10 кодтау бойынша көрсетілуі керек.
- 5) Аурудың кезеңі (аурудың басталу және аяқталу күні мен жылы, анықтаманы ұзарту кезеңі) көрсетіледі.
- 6) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық анықтамалар алған білім алушылар қазақ немесе орыс тілдеріне нотариаттық аударманы қамтамасыз етеді.
- 7) Білім алушының асырауындағы адам ауырған жағдайда асырауындағы адамға медициналық анықтама беріледі және асырап алу (туыстық) фактісі расталады.
- 8) Жақын туысының қайтыс болуына байланысты бақылау жұмыстарын өткізіп алған жағдайда білім алушының бақылау жұмыстарын үш күн толықтыруға құқығы бар.

Негізі: Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы

№ ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада № 21579 болып тіркелді.

[//https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021579](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021579)

#### **4. Өткізіп алған бақылау жұмысын толтыру рәсімі.**

Өткізіп алған бақылау жұмыстарының орнын толтыру туралы ЖҚМ АСК оң шешім қабылдаған кезде білім алушыларға тапсырманы орындау үшін мерзім беріледі, ол өткізіп алған бақылау жұмыстарының санына байланысты болады.

АСК шешімі ЖҚМ мен басқа мектептердің оқытушыларына (қажет болған жағдайда) және білім алушы-өтініш берушіге жіберіледі. Білім алушы оқытушымен байланысып, қабылданған шешім туралы хабардар етуі, шешімде белгіленген мерзімде бақылау жұмыстарын орындауы тиіс.

Білім алушының кінәсінен бақылау жұмыстарын орнын толтыру мерзімін өткізіп алған жағдайда, мерзім ұзартылмайды, білім алушыға «нөл» деген баға қойылады. Бақылау жұмысын орындау күні сабақтан қалудың орны толтырылмайды.

#### **Қосымша:**

**Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы барлық анықтамалар, парақтар реттеледі:**

**«Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 қарашада № 21660 болып тіркелді.

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021660>

#### **Бұйрықтан үзінділер:**

**Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы** – жәрдемақы алмай жұмыстан (оқудан) босату үшін негіз болып табылатын, еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыратын құжат.

Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандары бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы:

- 1) білім беру ұйымдарында оқитын адамдардың жіті немесе созылмалы аурулары асқынған, жарақаттану және улану;
- 2) алкогольдік немесе есірткілік мас болу жағдайында алынған жарақаттар, сондай-ақ алкогольдік немесе есірткілік жіті уыттанған;
- 3) өзге бұзылулармен және аурулармен асқынбаған созылмалы алкоголизмді, нашақорлықты емдеген;
- 4) науқас балаға күтім жасаған;
- 5) инвазивтік зерттеп-қарау әдістерін жүргізу кезеңінде консультациялық-диагностикалық ұйымдарда зерттеп-қараудан өткен;
- 6) жүктілікті жасанды үзген;
- 7) жүкті болған және босанған;
- 8) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған;
- 9) санаторийлік-курорттық ұйымдарда толық емделген;
- 10) карантин;
- 11) ортопедиялық протездеу;
- 12) ауысымның соңына дейін еңбекке жарамсыздық белгілері болған кезде

(кәсіпорындардың және ұйымдардың медициналық пунктерінің медицина қызметкерлері береді) беріледі.

Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру:

1) Заңға сәйкес берілген еңбекке уақытша жарамсыздықты сараптау жүргізуді қамтитын медициналық қызметтің түрін жүзеге асыруға лицензиясы болған жағдайда мемлекеттік және жеке меншік нысанындағы медициналық ұйымдардың, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысатын дәрігерлер (бұдан әрі - денсаулық сақтау субъектілері) береді;

2) мемлекеттік нысандағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) ұйымдарының орта медициналық білімі бар медицина қызметкерлері пациенттерді өз бетінше қабылдаған және бастапқы үйге шақыртуда өз бетінше қызмет көрсеткен кезде береді;

3) медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясы (бұдан әрі – ДКК) арқылы жүзеге асырылады.

#### **Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру тәртібі:**

1) Жіті немесе созылмалы аурулар асқынған және жарақаттар кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын медицина қызметкері күнтізбелік үш күнге (халықтың тұмаумен, ЖРВИ-мен қатты сырқаттанушылығы кезеңінде алты күнге дейін медициналық ұйым басшысы бұйрығының негізінде) және жалпы ұзақтығы күнтізбелік алты күннен аспайтын мерзімге жеке өзі және бір мезгілде береді.

2) Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасын алты күннен артық ұзарту медициналық ұйымның бөлімше меңгерушісімен бірлесіп, жалпы ұзақтығы күнтізбелік жиырма күннен аспайтын мерзімге жүргізіледі.

3) Еңбекке уақытша жарамсыздық парағынан көрсетілген мерзімнен артық ұзарту ДКК-ның қорытындысы бойынша жүргізіледі.

4) Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы адамды медицина қызметкері тексермеген өткен күндер үшін берілмейді.

5) Жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын күнтізбелік алты күннен аспайтын мерзімге береді.

6) Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы стационарға емдеуге жатқызылған жағдайда емдеуге жатқызылған күннен бастап, бекітілген жері бойынша (басқа қаладан келген адамға - жүгінген жері бойынша) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымда амбулаториялық жағдайларда емделген жағдайларда травматологиялық пунктке және жедел жәрдем станциясына жүгінген күнді олардың көрсетілген медициналық ұйымға жүгінгендерін растайтын анықтаманың негізінде есепке ала отырып беріледі.

7) Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын стационарлық емдеу кезінде (күндізгі стационарларды қоса алғанда) медицина қызметкері адамды шығарған күні стационарлық емдеудің бүкіл кезеңіне береді. Стационарлық емдеу кезінде (күндізгі стационарларды, оңалту орталықтарын қоса алғанда) еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын медицина қызметкері стационарлық емдеудің барлық кезеңіне адамдар шығарылған күні береді.

8) Тұрған өңірінен тыс ем қабылдаған адамдарға оның тұрақты мекенжайына келуі үшін қажетті уақыт (бірақ күнтізбелік төрт күннен аспайтын мерзімге) есептеледі.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын одан әрі ұзарту және жабу адамның тұрғылықты жері бойынша ДКК қорытындысынан кейін оны одан әрі бақылауды жүзеге асыратын медицина қызметкері немесе одан әрі емделу үшін науқас жіберілген медициналық ұйым жүргізеді.

9) Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтарына ауырған, жарақаттанған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы беріледі.

**«Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығы

Бұйрықтан үзінді:

Дәрігерлік-консультациялық комиссия – меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан, медициналық ұйымда құрылатын комиссия еңбекке уақытша қабілетсіздігін сараптау үшін пациентті жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет көрсетуге жіберу, адамның ағзаларын (ағзаларының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тіннің бөлігін) трансплантаттау, пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу, аурудың бар-жоғын анықтаған кезде баланы үйге оқытуға жіберу, бақылау, мониторинг, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау және негізділігі мәселелерін шешу.

Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы режеге 1-қосымша «Үйде оқытуды талап ететін аурулардың тізбесі».

Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережеге 2-қосымша «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындыларының қолданылу мерзімдері».